



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№35/523

01 сентября 2017 года

## Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

### АТАЗАҢ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

30 тамыз – Конституция күні

Өткен сейсенбі күні балалар мен жасөспірімдердің «Достық» сарайында ҚР Конституциясы күніне арналған салтанатты

жиын қатысушыларына мерекелік ыстық лебізін білдірді.

Жақсылық атаулының барлығы да ана-

ның сүтімен жаралған. Барлық ана баласымен бақытты, барлық бала ата-анасымен бақытты демекші, көп балалы аналарды марапаттау рәсімінде төмендегі аналар «Алтын» және «Күміс» төсбелгілермен марапатталды. «Алтын алқа» Овчарова Татьяна Михайловнаға, «Күміс алқа» Марал Аязбекқызы Омарқызына табысталды. Еліміздің Конституциясы күніне байланысты қаламыздың көркеюі мен экономикасының өсуіне өзіндік үлесін қосып жүрген азаматтарды марапаттау рәсімінде Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен Приозерск қалалық сотының бас маманы Айзада Берікқызы Асаубаева, Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен Приозерск қалалық ішкі істер



жиын болды. Оған қаладағы кәсіпорын, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, жастар өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Салтанатты жиын «Достық» сарайының «Жұлдыз» би тобының биімен басталды. Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалған соң мерекелік құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге берілді. Әкім барша қала тұрғындары мен

қалалық ішкі істер бөлімінің инспекторы Акмарал Орысбайқызы Үсембаева, Приозерск қалалық прокуратурасының жетекші маманы Нұрзия



бөлімінің инспекторы Акмарал Орысбайқызы Үсембаева, Приозерск қалалық прокуратурасының жетекші маманы Нұрзия

Ақлен шырқаған әндерге көрермен дүркірете қол соқты. Азамат Мұқтау Дәулеткерейдің күйі «Көрғұлыны» орындады. Елдос Қалжігітов, Марс Сүлейменов, Бақытжан Сайырмановтар да әсем әннен шашу шашты.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Максатқызы Бурцева марапатталды. Сондай-ақ Конституция күні мерекесінің қарсаңында жөндеу жұмыстары жақында ғана біткен Весенняя көшесіндегі нөмірі 1-үйдің пәтер кілттері Аманкелді Алдошұлын Кубдилаев, Кузнецова Татьяна Васильевна және Жазылбек Қосанбайұлы Махатовқа табыс етілді.

Салтанатты жиынды өнерпаздар әсем әнмен әспеттеді. Айғанша Болысова, Жансая Орақова, Гүлмира Шералиева және Жұлдыз



### Мұсылманның ұлық мерекесі

## ҚҰРБАН АЙТ ТӨЙЛАНДЫ

Жалпы мұсылманның ұлық мейрамының бірі – Құрбан айт мейрамы біздің қаламызда да кен көлемде тойланды. Қыркүйек айының бірінші күніне және «Білім күні» мерекесіне тұстас келген мейрамның Айт намазы азанғы сағат 7.00-ге белгіленіп, сол күні қаладағы мейрамды ұлықтайтын жамағат Айт намазына ағылды. Ертрек жиылған жұртқа қала мешітінің имамы Дәуіт Сейткалиұлы Құрбан айт мейрамына қатысты мәліметтер, құрбандық шалу мен оның маңызы,

құрбандықты қандай адамдар шалуы тиіс екені, құрбандыққа қандай малдар шалынаты және оның етінің таратылуы немесе халыққа тамақ ретінде асып берілуі, Құрбан айт күні жасалатын қайырымдылық пен мейрімділік, осы мейрамға байланысты Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.а. айтқан ғиратты әңгімелері туралы уағызға ұйытты. Айт намазы оқылып болған соң құрбандық шалуға рұқсат беріліп, бата жасалды және жиналған жамағат бір-бірімен көрісіп, құттықтасты. Ниет еткен жұрт құрбандық шалуға арнайы белгіленген орынға аттанды.

Сол күні түстен кейін имамның хабарлауы бойынша мешіттің асханасына қалада тұратын жағдайы төмен, көп балалы отбасыларының балаларына киімдер мен аяқ киімдер тарату бойынша қайырымдылық шарасы өткерілді. Аталған қайырымдылық шарасына қалаға белгілі иманды апайымыз, қазір зейнет демалысындағы Бақыт Балта-



бекқызы Мағзұмова басшылық жасады. Бұл жерде балаларға сексенге жуық жұп аяқ киімдер мен киімдер таратылды. Бұл қайырымдылық шарасын ұйымдастырып, қарапайым тұрғындарға жомарттық жасаған және аты-жөнін жарияламауды өтінген кәсіпкер жан екен. Ол кісіге Алланың нұры жауып, ісі алға баса беруді тіледі жиналған көпшілік.

Осындай қайырымдылық шараларын жа-

сайтын иманы кәміл жандардың саны жыл санап артып келе жатқаны қуантады. «Құдайға бер де, тіле» деп ата-бабаларымыз айтып кеткен ұлағатты сөздің мәнісін осындайда түсінесің. Қайырымды хәм мейрімді жандардың садақалары қабыл мұраттары асыл болсын деп тілейміз біз де өз тарапымыздан!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Жаңа оқу жылы қарсаңында

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Өткен аптада Приозерск қаласы білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі «Достық» балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығында болып өтті. Биылғы тамыз кеңесі «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі» деген тақырыппен айықталды. Тамыз кеңесін қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин ашты және кеңесті жүргізіп отырды. Қала әкімі ұстаздарды тамыз кеңесімен және басталғалы тұрған жаңа оқу жылымен құттықтап, «Адамзат баласының бұл өмірде үш түрлі міндеті болады, оның біріншісі – ұрпақ өрбітіп, тәрбие беру, екіншісі – ұстаздық қылып, шәкірт тәрбиелеу, үшіншісі – ілім-білім жинап, қоғамға қызмет ету» деп сөзін бастаған әкім мырза қаламыздағы білім саласында қызмет етіп жүрген барша ұстаздардың еселі еңбектері мен қалтқысыз қызметтері үшін ризашылығын білдірді. Нәтижесінде әрқайсысына асқақ абырой мен жоғары мәртебе тіледі. Сондай-ақ қала мектептеріне мемлекеттен, қалалық әкімдік тарапынан жасалынып отырған қамқорлық пен биылғы жаздағы мектептерде жүргізілген сапалы жөндеу жұмыстарына, әперілген жаңа жабдықтар мен компьютерлер мәселесіне тоқ-

пынан 2017-2018-жаңа оқу жылындағы енгізілген жаңалықтар таныстырылды. Атап айтқанда жаңартылған білім беруді енгізуде әдістемелік көмек көрсету жұмысын жалғастыру, 5-7-сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерді критериялы бағалау бойынша қосымша оқыту курстарын ұйымдастыру, 2-5-7-сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуді іске асыру барысын талқылау үшін қалалық деңгейдегі мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының жұмысын жандандыру, Назарбаев зияткерлік мектептерінің негізінде білім берудің мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша әдістемелік кеңестің жұмысын жүйелеу, балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтуды арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, пилоттық режимде жаратылыстану-ғылыми пәндерді ағылшын тілінде жүргізуді бастау, «Әліппе», «Букварь» енгізу бойынша пилоттық мекемелердің жұмысын жүргізу, қортындыларды талдау, нәтижесі бойынша ұсыныстар енгізу, дене шынықтыру сабақтарында спорттық ойын түрлерін белсенділендіру, спорттық ойын түрлерінен жарыстарды жоспарлап, өткізу, қортындыларын



талды.

Кеңске қатысқан құрметті қонақ сөз алып, мінберге көтерілген Қарағанды облысы оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары, тәрбие жұмыстары бойынша басшысы Гүлмира Сәбитқызы Көпбаева оқытушылар мен кеңес қатысушыларын тамыз кеңесінің ашылуымен және басталғалы тұрған жаңа оқу жылымен құттықтап, Приозерск қаласының білім саласы жайында жылы лебіздерін білдірді.

Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова «2016-2017-оқу жылының қортындысы және жаңа 2017-2018-оқу жылындағы міндеттер» туралы баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017-жылғы 31-қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған міндеттерді жүзеге асыру шеңберінде басқару мен инновациялар проблемаларын талқылау, білім беру саласында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі» мәселелеріндегі ұстаздардың атқаратын міндеттеріне тоқталды. Сонымен қатар өткен оқу жылындағы ҰБТ нәтижесінің төмендегенін, бұны алдағы уақытта жөндеу жайын баса айтты. Қаладағы қолға алынған инклюзивті білім беру жағдайын және 2016-2017-оқу жылындағы жеткен жетістіктерді баяндады. Өткен оқу жылындағы жарқын көріністің арасында оқушылардың байқауларда, олимпиадаларда жеңіске жеткен сәттерін балалардың аттарын атап мақтан етті. Сондай сәттердің бірі «Достық» шығармашылық үйінде мұғалімдердің күшімен өткен облыстық семинар-практикум мен «Айналайын» бөбекжайында өткен облыстық семинар-практикум болғанын мәлімдеді. Аталмыш семинар-практикумдарға облыстың барлық аймақтарынан өкілдер қатысып, осынау өткерілген ісшараға жақсы бағаларын берген. Және де оқушылардың қатысуымен өткен нәтижелі ісшаралар жайында айтты. Еліміз бойынша биылғы жылдың ең үлкен құбылысы – «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне қаламыз мектептерінен қатысқан оқытушылар мен оқушылардың білгіні назардан тыс қалмады. Сондай-ақ баяндамашы тара-

пынан 2017-2018-жаңа оқу жылындағы енгізілген жаңалықтар таныстырылды. Атап айтқанда жаңартылған білім беруді енгізуде әдістемелік көмек көрсету жұмысын жалғастыру, 5-7-сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерді критериялы бағалау бойынша қосымша оқыту курстарын ұйымдастыру, 2-5-7-сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуді іске асыру барысын талқылау үшін қалалық деңгейдегі мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының жұмысын жандандыру, Назарбаев зияткерлік мектептерінің негізінде білім берудің мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша әдістемелік кеңестің жұмысын жүйелеу, балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтуды арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, пилоттық режимде жаратылыстану-ғылыми пәндерді ағылшын тілінде жүргізуді бастау, «Әліппе», «Букварь» енгізу бойынша пилоттық мекемелердің жұмысын жүргізу, қортындыларды талдау, нәтижесі бойынша ұсыныстар енгізу, дене шынықтыру сабақтарында спорттық ойын түрлерін белсенділендіру, спорттық ойын түрлерінен жарыстарды жоспарлап, өткізу, қортындыларын

әр тоқсан сайын шығарып, арнайы стендте көрсету, білім мекемелерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын іске асыру, мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының тұжырымдамалық идеясының негізінде білім беру ұйымдарында қазақстандық отаншылдық тәрбие бойынша жұмысты белсенді ету т.б. ең маңызды мәселерге мән берді. «Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу» деп А.С.Макаренко айтқандай, талантты, білімді, дарынды шәкірттерді тәрбиелеу жолында Сіздерге талмас талап, қажырлы еңбек, ізгі іс, қайырымдылық пен мейрімділік, денсаулық пен бақыт бәрімізге серік болсын! Іске сәт, қымбатты кеңеске қатысушылар!» деп қортындылады баяндамашы сөзін.

Оқытушылардан № 2 мектеп ұстазы Стась Лариса Петровна «Системно-деятельностный подход-основа обновления содержания образования в условиях 12 летнего обучения», № 1 мектептің тарих пәнінің оқытушысы Сәуле Шарафатдинқызы Қыздарбекова «Жаңартылған бағдарламалар бойынша қоғамдық пәндер сабағында оқыту нәтижелерін критериялы бағалау» тақырыбында, «Достық» үйінен Зууреш Тлеутайқызы Ильтнер «Организация досуга детей в рамках реализации программной статьи «Курс на будущее: духовное возрождение» тақырыбында баяндамалар жасады. Тамыз кеңесінде қаладағы балабақша тәрбиеленушілерінің қолдарынан шыққан шығармашылық бұйымдары мен олардың жетістіктерін көрсететін марапаттарынан шағын көрме ұйымдастырылды және оны кеңес қатысушылары тамашалады.

Тамыз кеңесінің соңына қарай қала әкімінің алғыс хатымен 2 адам, білім бөлімінің Алғыс хатымен 4 адам марапатталды. Қала әкімі кеңесті Абай хакімінің даналық сөзімен қортындылады.

Н.ҚЫДЫМУРАТУЛЫ



## АЗАТ ЕЛДІҢ АР – НАМЫСЫ – АТА ЗАҢ

Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында 2017 жылдың 18 тамызы күні Конституция күніне орай «Азат елдің ар – намысы – Ата заң» тақырыбында қызметкерлер арасында зияткерлік сайыс өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты жас мамандардың өздігінен білімдерін арттыруға ынталан-

Бала тәрбиесі – баршаға ортақ

Сайыскерлер өздерінің нағыз патриот екендіктерін сайыста көрсете білді. Сайыс соңында әділқазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар анықталды, айта кетсек жас маман тәрбиеші көмекшісі Удербасова Б.М. I-орынды жеңіп алса, жас маман балабақша психологі Әбілда А.А. II-



орынды иеленді, ал балабақша тәрбиешілері Пазылова М.Ж. мен Досмуратова Ж.У. III-орынға ие болды. Сайыс өте қызықты әрі тартымды өтті. Конституция күні баршаңызға құтты болсын! Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін!

Месерова А.Ч., «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі

Месерова А.Ч., «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі

Новости региона

## ВСТРЕЧА ЖУРНАЛИСТСКОГО ПУЛА ОБЛАСТИ ПО ВОПРОСАМ РЕЛИГИОЗНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК

26 августа т.г. главный редактор нашей газеты Кенжебеков Бегазы Алшынбекович принял участие во встрече представителей СМИ области с членами Республиканской информационно-разъяснительной группы Комитета по делам религий Министерства по делам религии и гражданского общества Республики Казахстан, организованной областным Управлением по делам религий.

Целью встречи организаторы ставили повышение знаний представителей СМИ в освещении тематики религиозного законодательства РК, межконфессиональных отношений. Так же обсуждались актуальные вопросы по профилактике и противодействию распространения религиозного экстремизма и терроризма.

«Как освещать религиозную тематику, понимать главные отличия традиционных течений от деструктивных?» - на эти и многие другие вопросы журналисты получили ответы от специалистов, занимающихся вопросами религии.

В качестве лекторов на встрече выступили руководитель управления правоприимательной практики в сфере религиозной деятельности КДР Иманбаев Мейрам Откылбаевич, редактор интернет-портала «Kaz-Islam» Сандыбаев Жалғас Садуахасулы, директор Образовательно-культурного центра «Білім» (г.Алматы), эксперт-политолог Республиканской информационно-разъяснительной группы Комитета по делам религий МДРГО РК, член Союза кинематографистов Казахстана, сце-

нарист и режиссер документалист, автор цикла документальных фильмов «Незримый фронт: антитеррор» Иржанов Руслан Самарханович.

На встрече было отмечено, что радикальными организациями разрабатываются современные механизмы для формирования экстремистской идеологии с целью посеять страх и панику среди населения, вызвать общественный резонанс, показать неспособность государственных институтов обеспечивать государственную и общественную безопасность. Особо подчеркнута, что чаще всего их мишенью ста-



новятся молодёжь и люди с различными личными жизненными проблемами.

Принимавшие участие во встрече журналисты отметили пользу от подобных встреч и выступили с инициативой проводить такие мероприятия ежеквартально. Кроме того было отмечено, что на профилактических семинарах они получают много полезной и актуальной информации, помогающих более профессионально освещать политику государства в религиозной сфере, противостоять деструктивным учениям.

Редакция газеты «Приозерский вестник»



## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫНА «МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ» ЖӘНЕ «ОН СЕГІЗ ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӨРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ» КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР»

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша жергілікті бюджет есебінен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті және «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) тұрғылықты жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, ХҚО-ға жүгінген кезде – құжаттардың топтамасын көрсетілетін қызметті берушімен тіркеген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні;

ауылдық округтің әкіміне құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 22 (жиырма екі) жұмыс күні;

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетілген қызметті берушіге, ауылдық округ әкіміне немесе ХҚО-на ұсынған жағдайда:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес отбасы құрамы туралы мәліметтер;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына 3-қосымшаға сәйкес адамның (өтініш берушінің отбасы мүшелерінің) алған табыстары туралы мәліметтер;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы мәліметтер;

4) көрсетілетін қызметті алушының (отбасы мүшелерінің) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (селолық немесе ауылдық әкімнен мекенжай анықтамасы);

5) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары аясында әлеуметтік келісім-шарт жасаған жағдайда.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың бланкілері мемлекеттік қызметті көрсету орындарында көрсетілетін қызметті алушыларға беріледі және олар өздері толтырады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген құжат салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмеде беріледі, содан кейін түпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелер растаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты ұсыну талап етілмейді.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар «1414» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды ХҚО қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің – [www.mzsr.gov.kz](http://www.mzsr.gov.kz) интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) ХҚО-ның – [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы «1414» арқылы алу мүмкіндігі бар.

«Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі әзірледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

көрсетілетін қызметті беруші;

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) арқылы жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) ХҚО-ға, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 7 (жеті) жұмыс күні;

ауылдық округ әкіміне құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – 22 (жиырма екі) жұмыс күні;

ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалдық куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша он сегіз жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы тағайындау үшін өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты) (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажет), оралмандар үшін – оралман куәлігі;

2) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) не туу туралы акті жазбасынан үзінді;

3) көрсетілетін қызметті алушының деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда, неке кию (некені бұзу) туралы куәлік;

4) құжаттардың түпнұсқалары негізінде толтырылған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес отбасы құрамы туралы мәліметтер;

5) отбасы мүшелерінің табыстары туралы мәліметтер, оның ішінде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысанда өтініш берушінің отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы мәліметтер және жеке 4-қосымшаға сәйкес нысанда қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер;

6) отбасының тұрғылықты тұратын жері

бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген немесе бала асырап алған жағдайда – балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген немесе бала асырап алғанын растайтын құжат.

Көрсетілетін қызметті беруші, ауылдық округ әкімі, ХҚО қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай жағдайларда:

- балалар толықтай мемлекеттік қамсыздандыруда болғанда;

- Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналар ата-ана құқықтарынан айырылғанда немесе құқықтары шектелгенде, бала асырап алу жарамсыз деп танылғанда немесе оның күші жойылғанда, қамқоршылар (қорғаншылар) өз міндеттерін орындаудан босатылғанда немесе шеттетілгенде;

- отбасының жан басына шаққандағы орташа айлық табысы азық-түлік себетінің құнынан асып кеткенде бас тартылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не Астана және Алматы қалалары, аудандар және облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің (бұдан әрі – әкім) атына беріледі.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар «1414» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды ХҚО қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің – [www.mzsr.gov.kz](http://www.mzsr.gov.kz) интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) ХҚО-ның – [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы «1414» арқылы алу мүмкіндігі бар.

**Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

## ОКАЗАНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ НАСЕЛЕНИЮ

Отделом занятости и социальных программ города ведется работа по оказанию социальной помощи населению.

На основании Законов Республики Казахстан назначается государственная адресная социальная помощь, государственное пособие семьям, имеющим детей до 18 лет, жилищная помощь.

За 6 месяцев текущего года оказана государственная адресная социальная помощь 3 семьям на сумму 126,5 тыс.тенге, государственное пособие 21 семье, имеющей детей в возрасте до 18 лет, выплачено на сумму 367,9 тыс.тенге, жилищное пособие выдано 28 семьям на сумму 551,3 тыс.тенге.

На основании Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан, оказываются социальное обеспечение и социальная помощь отдельным категориям нуждающихся граждан по решениям местного представительного органа, возмещение затрат на обучение детей-инвалидов, воспитывающихся и обучающихся на дому, предоставление инвалидам услуг и технических вспомогательных средств реабилитации; обслуживание на дому престарелых и инвалидов.

В отделе занятости и социальных программ работают 3 социальных работника, которые оказывают социальную помощь на дому нуждающимся в постороннем уходе и помощи. В 2017 году надомным обслуживанием охвачено 20 человек, в т.ч. 10 инвалидов, из них 7 детей, 10 пенсионеров.

Возмещены затраты 5 детям-инвалидам, обучающимся на дому, на сумму 75,3 тыс.тенге. Установленный размер пособия на одного ребенка составляет 1 МРП в месяц, размер которого на 2017 год составляет 2269 тенге.

С начала года за получением технических вспомогательных средств реабилитации обратилось: за кресло-колясками-2, за сурдо-техническими средствами-1, за гигиеническими средствами -24. Все заявки направлены в Управление координации занятости и социальных программ области. Обеспечены гигиеническими средствами (памперсы) за 6 месяцев 2017 года 24 инвалида на сумму 1304,5 тыс.тенге из местного бюджета и 1017,5 тыс.тенге из средств республиканского бюджета.

За услугами индивидуального помощника обратилось 6 инвалидов I группы. Для 6 инвалидов первой группы предоставлены услуги индивидуальных помощников, им выплачено 404,6 тыс.тенге.

Продолжается работа по направлению нуждающихся на отдых в медико-социальное учреждение г.Караганда, на санаторно-курортное лечение в г.Боровое, на основании путевок, выданных УКЗиСП области.

В соответствии с распределением санаторно-курортных путевок областным управлением УКЗиСП согласно ИПР и графикам за отчетный период в медико-социальное учреждение отправлены 2 многодетные матери и на санаторно-курортное лечение 3

инвалида.

Также приняты меры по оказанию социальной помощи лицам, попавшим в трудную жизненную ситуацию, лицам, имеющим туб- и онкозаболевания (в т.ч. соцпакет для туббольных), лицам, вернувшимся из мест лишения свободы или стоящим на учет в службе пробации, оказание обусловленной денежной помощи в рамках пилотного проекта «Өрлеу», на оплату электроэнергии и абонентской платы за телефонную связь участникам войны, на праздничные даты многодетным и малообеспеченным семьям, участникам ВОВ и труженникам тыла, лицам, к ним приравненным, детям-инвалидам, инвалидам и пенсионерам, в связи с повышением цен на продукты питания. За 6 месяцев текущего года указанные виды помощи оказаны 462 лицам на сумму 4451,6 тыс.тенге.

**А.Ким,  
руководитель Отдела занятости  
и социальных программ  
города Приозерск**

## “МҮГЕДЕКТЕРДІ САНАТОРИЙ-КУРОРТТЫҚ ЕМДЕУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ” СТАНДАРТЫНАН ҮЗІНДІ

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін қызмет ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – [www.mzsr.gov.kz](http://www.mzsr.gov.kz) интернет-ресурсында, “Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер” бөлімінде орналастырылған.

Өтінішті қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру кестесі: 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті ескере отырып, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті алушының және/немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі, мүгедек балалар үшін – жеке басты куәландыратын құжат көшірмесі және заңды өкілінің жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі;

2) денсаулық сақтау ұйымымен берілген санаторий-курорттық картасының көшірмесі;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл және/не ауылдық округ әкімдерінің анықтамасы);

4) “Медициналық-элеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы” Қазақ

стан Республикасы Денсаулық сақтау және элеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама және мүгедектігі оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірмелері;

5) мүгедектің жазбаша келісімімен басқа адам өтініш тапсырған кезде – оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; жеке басты куәландыратын құжатта жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – жеке сәйкестендіру нөмірінің көшірмесі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, әкімдіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі байланыс телефондары: 8 (71039) 5-49-40, 5-21-08.**

**Г. Байманасова**

*Жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы*

## ВЫПИСКА ИЗ СТАНДАРТА «ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИНВАЛИДОВ САНАТОРНО-КУРОРТНЫМ ЛЕЧЕНИЕМ»

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через услугодателя.

Срок оказания государственной услуги:

1) с момента регистрации пакета документов – 10 (десять) рабочих дней;

2) максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов – 30 минут;

3) максимально допустимое время обслуживания услугодателя – 30 минут.

Форма оказания государственной услуги – бумажная.

Результат оказания государственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием сроков предоставления инвалидам санаторно-курортного лечения.

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим лицам (далее – услугодатель).

Графики работы услугодателя – размещен на интернет-ресурсе [www.mzsr.gov.kz](http://www.mzsr.gov.kz), раздел «Государственные услуги».

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги: с 9.00 часов до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

Услугодатель при обращении для оказания государственной услуги предоставляет заявление по форме согласно приложению к настоящему стандарту государственной услуги и следующие документы:

1) копия документа, удостоверяющего личность услугодателя и/или законного представителя, для детей-инвалидов – копия документа, удостоверяющий личность и копия документа, удостоверяющего личность его законного представителя;

2) копия санаторно-курортной карты, выданная организацией здравоохранения;

3) документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства (адресная справка либо справка сельских и/или аульных акимов);

4) копии справки об инвалидности по форме, утвержденной приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 января 2015

года № 44 «Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных актов за № 10589), и выписки из индивидуальной программы реабилитации инвалида;

5) при подаче заявления другим лицом с письменного согласия инвалида – копия документа, удостоверяющего его личность;

в случае отсутствия индивидуального идентификационного номера в документе, удостоверяющем личность – копия индивидуального идентификационного номера.

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются услугодателю.

Порядок обжалования решений, действий (бездействия) услугодателя и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг.

Обжалование решений, действий (бездействия) услугодателя и (или) его должностных лиц по вопросам оказания государственных услуг жалоба подается на имя руководителя услугодателя.

Жалоба подается в письменной форме по почте либо нарочно через канцелярию услугодателя.

Жалоба услугодателя, поступившая в адрес услугодателя, акимата, подлежит рассмотрению в течение 5 (пять) рабочих дней со дня ее регистрации.

В случае несогласия с результатами оказанной государственной услуги услугодатель обращается с жалобой в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг.

В случаях несогласия с результатами оказанной государственной услуги, услугодатель обращается в суд в порядке установленном законодательством Республики Казахстан.

**Контактные телефоны по вопросам оказания государственной услуги: - 8 (71039) 5-49-40, 5-21-08.**

**Г. Байманасова**  
главный специалист  
отдела занятости  
и социальных программ города  
Приозерск

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ \*\*\* ХАБАРЛАНДЫРУ

2017 жылғы 1-3 қыркүйек аралығында «ҚҰБАН АЙТ» мерекесінде құрбандыққа шалынатын ауыл шаруашылық жануарлары №10 Хозяйственная көшесінде орналасқан «Гранд Құрылыс» ЖШС-нің және ЖК Есбенбетов О.А. Производственная-6 тиесілі мал сою алаңында жүзеге асырылуы қажет.

Сонымен қатар құрбандыққа шалынатын жануарларда ҚР ветеринария Заңының талаптарына сәйкес ветеринариялық ілеспе құжаттары болуы міндетті.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ

\*\*\*

С 1-3 сентября 2017 года на празднике «КУРБАН АЙТ» разрешается проводить жертвоприношение только в отведенных местах для убоа животных, на убойной площадке ТОО «Гранд Курлыс» ул.Хозяйственная-10 и убойной площадке ИП Есбенбетова О.А. по ул.Производственная-6.

На живой скот для жертвоприношения в обязательном порядке иметь сопроводительные документы согласно требованиям ветеринарного законодательства РК.

ГУ «Отдел ветеринария города Приозерск»

### ПРОДАМ Разное

Земельный участок в частной собственности, площадь 10 га., в р-не «Тюльпана».  
Обращаться по телефону:  
+7 707-444-75-46

\*\*\*

Кирпич б/у, недорого. Обращаться по телефону +7-777-892-25-55

### АВТОЗАПЧАСТИ

Блок-фара на МАЗДА-626, левая, б/у, Обращаться по телефону: +7705-466-60-63

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

**Ждем Вас по адресу:**

**ул. Космонавтов,**

**5-107,**

**телефон: 5-50-81**

**Время работы:**

**с 10.00 час. до**

**19.00 час.**

**Мы работаем без**

**выходных!**

**На маникюр и педикюр**

**запись по телефону:**

**8-771-699-32-89**

Парикмахерская  
**Милолика**



Ваша красота -  
Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ**  
**МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)**  
**ПЕДИКЮР**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в

Министерстве связи и информации Республики Казахстан

Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prio-vestnik.kz](http://www.prio-vestnik.kz)

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,

ул. Сатпаева 15. Заказ № 35/523. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041